



*Құрметті М. Қозыбаев атындағы Солтүстік
Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы!*

Сіздерді, студенттерді, магистранттар мен докторанттарды, түлектерді оқу ордасының 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Солтүстік Қазақстан университеті – өңірдегі жоғары білім беру жүйесінде өзіндік орны мен дәстүрлері қалыптасқан, облысымыздың және еліміздің экономикасын білікті кадрлармен қамтамасыз етуге үлесін қосып келе жатқан оқу орны.

Сіздер өз түлектеріңізбен, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосып отырған білікті де бәсекеге қабілетті мамандар – ғалымдар, педагогтар, инженерлер, заңгерлер, қаржыгерлер мен экономистермен мақтана аласыздар.

Өзі құрылған күннен бастап оқу орны елдің тарихи дамуымен біте қайнасып, алдына қойған міндеттерді абыроймен шешіп келе жатыр. Әсіресе, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта университет дамуында соны өзгерістер орын алып, Болон процесіне, Университеттердің ұлы хартиясына қосылу арқылы әлемдік білім кеңістігіне интеграциялану үдерісі басталды.

Бүгінгі күні оқу ордасының алдында жаңа міндеттер тұр. Өйткені, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында атап көрсетілген білімнің салтанат құруын және кәсіби мамандарымыздың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету сіздердің еңбектеріңізге байланысты.

Осы міндеттерді жоғары деңгейде жүзеге асыру үшін университет өзінің бай тарихы мен дүниежүзілік озық тәжірибеге, профессорлық-оқытушылық құрам мен ғалымдардың сарқылмас әлеуетіне сүйенеді.

Ғылым мен білім ошағына тұрақты даму мен гүлденуді, ұжымға Отанымыз – Қазақстанның болашағын қалыптастыруда табысты еңбек пен ғылыми-білімдік әлеуеттеріңізді жемісті іске асыруды тілеймін!

*Құрметпен,
Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі*



Қ.Ақсақалов

*Петропавл қ.
2017 жыл*